

қазақ зиялыларының «Оқшау сөздері» ХХ ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап назардан тыс қалып келген тарихтан белгілі. Оны енді-енді байыптай бастадық. Соның бір көрінісі біз жазып отырған осынау мақала деп білеміз. Ештен кеш жақсы демей ме?! Сең қозғалды. Ары қарай іс жүреріне еш күмән жоқ. Ұлылардың ұлылығын тануға кең жол ашылғай.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тарихы // Қазақ. — 1913. — № 3.
- 2 Қазақтың бас ақыны // Қазақ. — 1913. — № 41.
- 3 Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. — Алматы: Атамұра, 1995. — 81-б.

О.Абдиманулы

Ранние этапы становления абаеведения

Настоящая статья посвящена истории абаеведения. В ней анализируются исследовательские статьи первых абаеведов: А.Букейханова, А.Байтурсынова, М.Дулатова о творчестве Абая и определена роль газеты «Казак» в становлении абаеведения. Объективно и всесторонне раскрыто значение опубликованных материалов, которые долгое время не включались в научный оборот. Показано историческое значение статьи А.Букейханова о литературном наследии Абая. Автором отмечены и проанализированы поиски и научные достижения первых исследователей творчества Абая.

This article is dedicated to the history of Abay studies. The articles of first investigators as: A.Bokeykhanov, A.Baytursynov, M.Dulatov about Abay's art-works are analyzed in this work as well as the role of «Kazakh» newspaper in the formation of the Abay studies. Those published materials that had not been included to the scientific turnover for a long period of time are objectively and thoroughly judged. The work displays the historical significance of A.Bukeykhanov's article on the literary heritage of Abay. In general, the searches and scientific achievements of the first Abay-investigator's are observed and analyzed.

ӘОЖ 82.09

К.А.Төлеубаева, Н.М.Әбдуова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Халық ақындарының шығармаларындағы мазмұн мен формадағы сабақтастық

Көркем шығарма — бұл көркем шығармашылыққа қойылатын бүкіл талаптар өзара байланысты болып келетін өзгеше бір дүние, тұтастық. Мақалада шетелдегі қазақтың халық ақындарының шығармаларындағы түр мен мазмұн жайындағы мәселе қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде аталған көркем шығармалардың қазақ әдебиетіндегі жалпы орны анықталды. Сонымен бірге қазақ халық ақындары шығармаларының мазмұны мен түрі мәселелері қазіргі жаңаша көзқарас тұрғысында зерттелді.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеттану ғылымы, әдеби шығарманың мазмұны, эстетикалық идеал, суреткер, ақиқат өмір, пішін, көркем образдар жүйесі, әдеби қаһармандар, халық ақындарының мұралары, фольклорлық үрдіс, саяси ұстанымдар, фольклорлық дәстүр.

Қазақ әдебиеттану ғылымында «форманы» «пішін» деп те алып қарастырып жүр. Қай тұрғыдан алып қарасақ та, мазмұн көркем туындының ішкі дүниесі де, пішін, немесе форма, сыртқы әлпеті болып табылады. Ғалым З.Қабдолов: «Сонда әдеби шығарманың мазмұны — өз эстетикалық идеалының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішін — осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі екенін түсіну қиын емес» [1] деп

атап көрсетеді. Олай болса, жекелеген халық ақындарының мұраларын қарастыра отырып, мазмұн мен формадағы сабақтастық мәселесін ашу арқылы фольклорлық үрдісте қалыптасқан көркем дүниелердің болмыс-бітімін айқындауға қол жеткізеріміз хақ.

Монғолия қазақтары халық ақындарының өмір жолы мен әдеби мұрасы толық әрі жан-жақты зерттеліп болды десек, біздің тарапымыздан үлкен қателік кеткен болар еді. Олардың мұраларының жаппай жариялануына түрлі саяси ұстанымдар кедергі болды. Шығармалар алдымен сұрыптаудан өткізілді, еленді, екшеленді, сөйтіп қажеттілері ғана баспаға ұсынылды. Нәтижесінде кейбір ақындар мүлде танылмай белгісіз болып қалса, енді бірінің өлеңдері там-тұмдап қана жарыққа шықты.

Зерттеуші Қ.Қалиасқарұлы былай дейді: «Халық ақындарының жыр, шығармалары халық ортасына ауызша да, қолжазба түрінде де тарады. Олардың шығармалары өз аттарымен тараған бұл артықшылығына қарамастан, олардың творчествосын толық жинау, зерттеу, олар өмір сүрген кезеңде көбіне баспа өнері, архивті жинақтау болмауы себепті көп уақытты, түбегейлі зерттеуді қажет етеді» [2; 3].

Осы пікірді басшылыққа ала отырып айтарымыз, біріншіден, өнерпаздардың туындылары баспа бетінде толыққанды жарияланбаса да, ел ішінде ауыздан ауызға көшіп тараған екен. Түйіні, көптің көңілінен шыққан дүниенің өздігінен жойылып, жоғалып кетпейтіндігі айтылған. Екіншіден, әдеби мұралардың толық жиналып, топтастырылмауы, арнайы тапсырыстың болмағандығынан деп білуіміз керек. Оған себеп, белгілі бір деңгейде әрекет жасауға тосқауыл қойылғандығы. Үшіншіден, осы жайттерді шешуші амал, қажымай-талмай еңбек етіп, ұзақ уақыт кетсе де арнайы зерттеу жүргізудің қажеттілігі.

Осындай бағытты басшылыққа алып, жұмыс жүргізгенде, көптің ауызында есімі мен біршама мұралары сақталып қалған Бақабайұлы Ақылбай деген ақынның болғандығын айқындадық. Бір ғана толғауы енгізілген «Замана жыршылары» деген жинақта ақын туралы: «Оқымаған, сауатсыз ақын бұл ұсынылып отырған жырларын қырық, қырық екінші жылдары баласы Кәкімге хатқа түсіртіп, құпиялап тықтырып тастағаннан елге жаңадан мәлім болып отыр. Ақын ұрпақтары Қобда аймағының Бұлғын сұмынында тұрады» [3; 173],— деп жазған. Бұл кіріспе сөздің мәнісіне біз ақынның қолға түскен шығармаларын талдау барысында көз жеткіздік.

Ақылбай ақын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында ақындық құрған өлеңдерін суырып салып айтқан, дәуір келбетін бүркемесіз ақиқатпен ашық кескіндеген, тілі өткір, ойы тапқыр шешен сөзді өнерпаз. Бұлғын өлкесінде өмір сүрген ол, өз кезіндегі ел басына түскен қиын-қыстау заманды ашына жырлайды, ақындарға тән байқампаздықпен аңғарып, олқылықтар мен кемшіліктерді өткір сынға алады. Ақты ақ, қараны қара деп нақты көрсеткен өнерпаздың бұл қылығы сол кездегі саясатқа сәйкес келмегендіктен, заманында өзінің заңды бағасын ала алмаған.

Ақылбайдың біздің қолымызға көлемі үш жүз жолға жуықтайтын жеті толғауы түсті. Олар: «Мұны айтқан Ақылбай», «Айта берсем сөзім көп», «Осыменен сап болды», «Кешірерсіз көпшілік», «Заман міне түрленді», «Білімді болсаң күндейсің», «Бұл күнде». Енді осы шығармаларына талдау жасап көрелік.

Халық ақындарының мұраларына назар аударар болсақ, дәстүрге айналған көптеген қолданыстарды аңғаруға болады. Солардың бірі ақынның өзін өзі таныстыратын, жай-күйін аңғартатын толғауы. Мәселен, танымалы ақындардың бірі Кемпірбай Бөгембайұлы өзі туралы былай деген:

*Бөгембай — әкем аты, мен — Кемпірбай,
Өзге ақын мен сөйлесем, тұрар былай.
Талабым тәңір берген таудан үлкен,
Алмаса өз бақытын қайтып құдай [4; 167].*

Мұнда ақын өзінің ақындық қабілетін жоғары деңгейге көтеріп, бағалап тұр. Мұндай мадақтау тәсілі көбінесе айтыс ақындарында жиі кездеседі. Мәселен, Біржан сал, Орынбай, Сүйінбай тәрізді тұлғаларда осы мазмұндас туындылардың бар екендігі баршаға мәлім. Біз қарастырып отырған Ақылбай ақында да осы мәндес толғау бар. Бірақ мазмұны өнерпаздың жеке басының ақындық қабілетін айқындаудан гөрі, заман көрінісін суреттеуге көбірек бағытталған.

*Бастайын бисмилла деп сөздің басын,
Көп айтып басқа сөзді не қыласың.
Нақақтан-нақақ, кеткен замандастар,
Келеді соны ойласам көзден жасым [3; 173].*

Шумақтың алғашқы екі жолынан біз ақынның діншіл, тәубешіл адам болғандығын аңғарамыз. Өйткені өлеңді Алланың атымен бастап айту осыны байқатып тұр. Ал, соңғы жолдарда, ел ішіндегі

естияр азаматтардың қуғын-сүргінге түсіп, ұсталғандығын, жауапқа тартылғандығын тұспалдап жеткізген. Осы шумақтың өзі-ақ біздің әлгідегі айтқан пікірімізге дәлел бола алады. Ақын толғауының соңғы түйіні кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық сөзінің жоғалмай сақталып қалуын тілеуі.

*Тартпаймын жалған айтып сөз күнәсін,
Қарасам дүниеге көз тұнасың.
Балалар, қалам алған жаза берші,
Артымда өзім кетсем сөзім қалсын [3; 173].*

Осы тектес тілектердің негізінен діндар ақындарға тән болып келетіндігін Ақмолла, Шәді, Шортанбай шығармаларын оқығанда байқаймыз. Мысалы, Шортанбайда:

*Атым да шықты әр тұста,
Жасым да жетті алпысқа.
Жоғалтпаса өзімді,
Жоқ қылмаса сөзімді,
Мен ризамын Аллаға! [4; 25] —*

деп келеді. Сонымен, Ақылбайдың бұл толғауынан біздің аңғарғанымыз ақынның мұсылманшылық жолды берік ұстанған, ұстанып қана қоймаған мүмкіндігінше өз шығармаларына арқау етіп, насихаттаған, Шортанбайлар тәрізді ақындар тобына жататын өнерпаз болғандығы.

Ақынның «Айта берсем сөзім көп» деген келесі толғауында ел басына түскен жан түршігерлік ауыртпалық, ақынға тән шеберлікпен, адам жанына әсер етерліктей көркем шығарылған. Жаңа қоғамның жағымсыз әрекеті толғаудың алғашқы жолдарында-ақ айқын айтылады.

*Сабаз еді бәрі де,
Шудабай, Тәшкен, Оразбек.
Қайсібірін айтайын,
Артынан кетті талай көп.
Зәре қалмай отырдық,
«Сақта, өзің құдай» деп [3; 177].*

Кеңестік кезеңінің алғашқы әкелген саясаттарының бірі — «халық жауы» деген жаламен елдің бас көтерерлерін қуғындау, жер аудару, жою болды. Бұл жағдай Қазақстан жерінде жиырмасыншы, отызыншы жылдары айқын көрініс берді. Осы саясат Монғолия қазақтарының да басынан өтті. Ал, мұндай алапат дүниенің ақындар назарынан тыс қалуы мүмкін емес еді. Сондықтан да Ақылбай:

*Қарамады кешуіндер,
Кім кісінің әліне.
Не қылығы жақпаған,
Алып кетті бәрін де [3; 174], —*

деп ашына жырлады. Жазықсыз болса да, жазаланып, мал мен мүліктің талан-таражға түсуі, сүттей ұйып отырған ортаның ойсырай талқандалуы ақын толғауында деталына дейін көрсетілген.

*«Есірку» деп ат қойды,
Мал құрауға лап қойды,
Үй-мұкамал түгел ап,
Иесіне тап қойды [3; 174].*

Мұндағы «есірку» халық жауы деген ұғымды берсе, «мал құрау» кәмпескелеу, немесе тәркілеу, деген мағынаны көрсетеді. Ақын осыны айтып келеді де, халықтың күнкөрісі болған малдың құнсызданып, зорлықпен, түкке тұрғысыз бағаға сатылғандығын, бір қойдың бір тенгеге өткізілгендігімен аңғартады.

*Айдан барын сатыпты,
Бір теңгеге бір қойды [3; 174].*

Бұл — деталь. Ал, астарында заманның ауыртпалығы, ел тіршілігінің тар қыспаққа түскендігі бейнелеген. Мұндай суретте қолданыстар, толғауда баршылық және ол ақынның шебер суреткер екендігін айқындай түседі. Сонымен, толғаудың бойынан біз ел басына түскен сұрқылтай кезеңнің суық ызғарын жан-жақты танып-білуге мүмкіндік аламыз.

«Кешірсіз көпшілік» толғауында ақынның философиялық ой-толғауының куәсі боламыз. Тақырыбы тағы да заман ауыртпалығын жырлайтын туындының ұзын-ұрғасы 87 жолдан тұрады. Жеті, сегіз буынды жыр жолдарынан, тұратын кезекті ұйқасқа құрылған толғауда, әсіресе ел билеушілер қатты сыналған. Олардың өтірік жала жабу арқылы, талай азаматтарды ұстатып,

жібергендігі, рухани мұраларды жойып жіберу үшін барлық амал-тәсілдерді қолданғандығы анық айтылады.

*Талай жала жапты ғой,
Мұраны отқа жақты ғой,
Бәріміз де жалбардық,
Жан дегенің тәтті ғой.
Ел жамандау — жұмысы,
Беттің арын сатты ғой [3; 177].*

Толғаудың осындай тұстары Шортанбай ақынның заман ағымына байланысты айтқан ой-жүйелерін еске түсіреді. Ақыр заман болғандағы ел билеушілердің іс-әрекеттеріне екпін түсіре жырлаған ақын:

*Жөн білмеген жамандар,
Ел билеген бек болды.
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды [3; 10], —*

деп басқару жұмысына бағытын айыра алмайтын адамдардың келгендігін көрсеткен. Мұндай үндістіктердің кезігуін ел қамын ойлаған ақындардың халықшылдығынан деп түсінуіміз керек.

Толғаудың бойында халықтық философия, яғни, мақал-мәтелдермен үйлесетін иірімдер көп кездеседі. Әрине, мұндай қолданыстардан біздің аңғаратынымыз, Ақылбайдың ел әдебиетінен сусындап, өз өнерін халық фольклорымен ұштасыра дамытуында жатыр. Мәселен,

*Отырсың елдің «төрінде»,
Сол еліңнен жерінбе.
Кезігерсің айналып,
Өзің қазған көріңе [3; 177], —*

деген жолдардан «Біреуге көр қазба, өзің түсерсің» деген мақалдың көрінісі жатыр. Толғауда мақалды өзгеріссіз қолданған жолдар да кезігеді.

*Ит мінезі ұстаса,
Өтірікке жығатын.
«Тәңір алды таразы»,
Оған-дағы күн бар ғой,
Ісіп-кеуіп тынатын [3; 178], —*

деген жолдардағы «Тәңір алды таразы» деген түйінді тіркес Монғолия қазақтары арасында кеңінен тараған мақал екендігі белгілі. Заманның қатал кезінде осындай ащы шындықты қаймықпай айтуға не себеп? Ақын да адам баласы емес пе? Ендеше, сақтану шарасы қайда? Мұндай сұрақтарға біз жауапты белгілі ғалым Е.Ысмайыловтың зерттеуінен табамыз: «Ақындық адамның жан дүниесіне байланысты құбылыс. Оған құмартып, жығыла берілсе, сол арман еткені ұзақ уақыт орындалмаса, сөз жоқ ол адамды ауыр азапқа салады: түс көргіш, түсінен шошынып, оянғыш болады; оған қалыпты адамда жоқ ерсі мінездер пайда болады, кейде есінен шатақандай қылықтар да көрсетеді» [5]. Олай болса, адам ақындықты емес, ақындық адамды билейді екен. Ақындардың тайсалмай, қаймықпай сөйлеуі де, шындықты айтуы да осыған байланысты болса керек.

Ақылбайдың толғауларының құрылымы жеті, кейде сегіз буынды жыр жолдарынан тұрады дегенді айтқан едік. Бұл көріністе оның фольклорлық дәстүрді ұстанғандығын аңғартады. Ғалым З.Қабдолов: «Қазақтың тума, төл әдебиетіне келсек, оның фольклорлық үлгілердегі жеті буынды жырдан аяқ алып жүре алмайсыз. Өлеңді мақалдар мен мәтелдердің, нақылдар мен жұмбақтардың көбі жеті буында болып келеді және бұл өлшемнің ырғағы әр күйге бір түсіп, құбылып тұрады» [1; 274], — деп жазады. Ақылбай толғауларына назар аударсақ:

*Әр кеудеде мұң басқа,
Әрбір елде тіл басқа [3; 178], —*

немесе

*Кешуін жүр шапқылап,
Өсек сөзді таситын [3; 177], —*

болмаса

*Ақылға кел, кедейім,
Саған енді не дейін? [3; 174].*

Тұрғысында болып келген, яғни, жеті буынды жолдардан тұрады екен. Мұндай мысалдарды ақын мұраларынан көптеп келтіруге болады.

Түйіндей келгенде айтармыз, Ақылбай Бақабайұлы фольклорлық дәстүрді берік ұстанған, өз туындыларын халықтық әдебиеттің үрдісінде туғызған, заман тауқыметін ақынға тән шындықпен жырлаған, өз кезеңінің озық ақыны.

Әдебиет зерттеушісі Қ.Қалиасқарұлы өзінің «Халық ақындары» деген зерттеу еңбегінде: «Монғолия қазақтарының халық шежіресінде (фольклорында) көркем әдебиетіміздің көрнекті өкілі ретінде аты әйгілі болып қалған дарқан дарын иелерінің бірі ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Бөжекұлы Төлебай ақын болып табылады», — деп жазған болатын [2; 6]. Расында Монғолия қазақтары халық ақындары арасында Төлебайдың есімі ерекше аталады. Поэзиядағы дәстүрлі жанрларды дамытуда өзінің мол мұраларымен айтарлықтай үлес қосқан ол өзімен замандас өнерпаздардың көш басынан көріне білді. Жалпы монғол қазақтары әдебиетінің алдыңғы сапында Қабанұлы Тауданбек тұрса, Төлебай соның ізін баса келген ізбасары, шәкірті ретінде аталады. Өзіндік орны бар өнерпаздың мұраларын жүйелі түрде, жан-жақты зерттеу біздің басты міндеттеріміздің бірі болмақ.

Ақынның қолда бар мұраларын жанрлық тұрғыдан жүйелер болсақ, арнаулары, толғаулары, айтыстары деп топтауға болады. Арнаулары мен толғауларының негізгі тақырыптары оқу-білімге, еңбекке, сол замандағы елдің тыныс-тіршілігіне, өмірдің күнгейі мен көлеңкесін салыстыра көрсетуге арналған, оқу-білімді жырға қосқан өнерпаздардың мол екендігін көпшілік біледі. Олардың туындыларындағы басты бағыт оқып, білім алған адамның мұратына жететіндігін айта келіп, көпшілікті осы жолға үгіттеу, насихат айту болып табылады. Ал, Төлебай ақынның ерекшелігі насихаттан гөрі, білімнің ішкі мазмұнын ашуға, өзегін айқындауға айрықша мән беріп отырған. Еңбек туралы шығарған өлеңдерінде де осы тәсілді ұстанған. Мұның өзі ақынның өзге замандастарымен салыстыра карағанда даралап көрсетер ерекшелігі болып табылады.

Төлебай ақынның толғаулары да тақырыбы жағынан сан алуан. «Төлебай деген мен едім» атты толғауында өзінің бойына қонған ақындық өнерін асқақтата дәріптеп жырға қосса, «Арығың өлсе астында» туындысында кедейліктің ауыртпалығын, қиыншылығын қынжыла отырып суреттейді, ал «Ел Алтайға көшкенде» толғауында халықтың әл-ауқаты мен тіршілік әрекетін жайлауға көшкен ауылдың тыныс-тіршілігімен бейнелейді. Ақынның көлемді толғауларының бірі «Ал, Төлебай сөйлесін!» деп аталады. Туынды жақсы мен жаманды салыстыра келіп, өмірдің өткінші екенін айтады. Сондықтан, тіршілігінде маңайыңа жақсы жағыңмен таныл деп өсиет етеді. Толғау жанры ауыз әдебиеті мұраларында кезігіп отырады. Дәлел ретінде авторы белгісіз толғауларды, шешендік сөздердегі тіл шеберлерінің айтқандарын келтіруге болады. Тіпті, көне дәуірден келе жатқан бақсылық сарындардың өзі пішімі жағынан толғау тектес. Мысал келтіріп көрелік:

*Сөздің басы бісміллә,
Бісмілләсіз іс қылма.
Бісміллә десең құдай бір.
Жын бір шайтан көрінсе,
Бір табан әрі қуай жүр [6].*

Халық ақындарында осылайша басталатын толғаулар да бар. Сондай-ақ атақты Абыздың соңына қалдырған аталы сөзі де толғау мәндес.

*Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін,
Жалалы болғанда білерсің [7; 17].*

Осындай толғау Қылышбай шешенде де бар екен. Дүние, жаратылыс, өмір жайлы тереңнен қозғайды.

*Адам бір көшкен керуен,
Құрармыз аз күн серуен.
Керуендей көш тартыл,
Асармыз бір күн белінен [7; 130].*

Байқасақ, толғау жанрын фольклормен сабақтастыра қарауға негіз бар екен.

Төлебай ақынның біз қарастырғалы отырған толғауы бас-аяғы 178 жолдан тұрады. Толғаудың алғашқы жолдарында-ақ біз дәстүрлі қолданыстың куәсі боламыз.

*Ал, Төлебай сөйлесін,
Алды-артына қарамай.
Алтысында шариды,
Алтыдағы баладай [3; 21].*

Толғауды бастар алдында көпшілік назарын өзіне аударту мақсатында өзінің жыр немесе өлең айтатындығын ескертіп, мұндай тәсілмен кіріспе айту көптеген халық ақындарында кездеседі. Мәселен, Әсет пен Кемпірбайдың бақұлдасу сипатындағы «Ал, енді, шіркін көрмей былпылдасын, сөзімді әшиесіз кім тыңдасын» немесе Базар жырау толғауындағы «Сөйле десең, сөйлейін, көңіліңді сөзбен делбейін!» деген тәрізді жолдар мазмұндық сипаты жағынан үндес десек те болады. Ойын жеткізер алдындағы осындай бастаулардың сипаты батырлар жырында, тарихи жырларда, дастандарда байқалады. «Қобыланды батырда» Қобыландының Қарлығашқа айтқан арнауы:

*Сонда тұрып сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Тауда болар тарғыл тас,
Қарықса шығар көзден жас...», — [8; 85]*

деп басталса, «Алпамыс батырда»:

*Байбөрі сонда сөйледі:
«Рас па сөзің алғаным,
Алаша төсек салғаным...» [8; 235], —*

деп келеді. Бұл әрине, толғаулардағы бастаумен салыстырғанда өзгеше түрде екендігін байқаймыз. Дегенмен, сөз сөйленетіндігін аңғарту рәсімі фольклорлық мұралардан жалғастылығын тауып келе жатқан дәстүрлі қолданыс деп бағам жасауға негіз бар деуге болады.

Толғаудың мазмұнындағы көзге түсетін маңызды мәселе — жақсы мен жаманды салыстыра отырып суреттеу. Мұның өзі бірнеше бағытта жүзеге асқан. Мәселен, әйелдің жақсы, жаманының болатындығын былайша суреттейді:

*Ибағатты болса әйелің,
Кетеді бетке қарамай.
Ибасыз болса әйелің,
Отырар қасыңа жоламай [3; 21].*

Отбасылық және туыстық жақындықтан адамдардың барлығын осы тәсілді қолдана отырып сипаттаған. Ұрпақ жайында:

*Жақсы туса өзіңнен,
Бетіңе кетер қарамай.
Жаман туса өзіңнен,
Өзіңді кетер санамай [3; 21], —*

деп толғаса, жиен туралы:

*Жақсы жиен бар болса,
Жәрмеңкелі базардай.
Жаман жиен бар болса,
Тозығы жеткен қағаздай [3; 22], —*

деп жырлайды. Мұндай мазмұндық сипаттағы толғау Төлебай ақынға ғана тән деп айта алмаймыз. Халық ақындары шығармашылығының басым көпшілігінде кездеседі. Сүйінбай ақынның «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері», Майлықожаның «Жақсы болса жұбайың» толғаулары біздің айтып отырған пікірімізді мақұлдай түседі. Ақындар шығармашылығында дәстүрге айналған мұндай көріністің қайнар көзі фольклорда жатыр десек қателеспейміз. Өйткені қандай жағдайда болмасын кез келген құбылыстың бағасын беру, сипатын таныту үшін қарама-қарсы дүниелерді қатар қойып, салыстыра жырлау өнерпаз үшін таптырмас тәсіл. Шығармалардағы әбден орныққан, қалыптасқан мұндай тәсілді әдебиеттануды шендестіру — антитеза деп атайды. Ал, жақсы мен жаманның қарама-қарсы құбылыстар екендігі баршаға мәлім. Батырлар жырындағы қарама-қарсы жақтың батырларын суреттегенде жағымдысын жақсы сипаттарымен, жағымсызын жаман сипаттармен бейнелейтіндігін білеміз. Тұрмыс-салт жырларындағы «Беташар», «Айт келінде» жаман келін мен жақсы келінді жарыстыра жырлайтындығы бізге таңсық емес. Сондай-ақ ертегілерде «Жақсылық пен жамандық» ертегісі де осындай негізде шығарылған. Олай болса, аталмыш тәсілдің халық ақындары мұрасында тұрақты түрде қолданысқа түсуі фольклордан бастап жалғастығын тауып келе жатқан, дәстүрге айналған құбылыс деп түйіндеуге болады. Төлебай ақынның «Ал, Төлебай сөйлесін!» толғауында осы дәстүр өзінің орында қолданысын тапқан.

Ақынның арнауларын жалпыға және жеке адамдарға шығарылған туындылар деп екі топқа жүйелеуге болады. Алғашқы топқа «Сері жігіттерге», «Замандасқа» тәрізді шығармаларын

жатқызсақ, соңғы топқа «Байғанға», «Қара Оспанға», «Мәми биге», «Саудагер Ғайноллаға» туындыларын келтіреміз.

«Сері жігіттерге» деген арнауында ақынның дәріптегені — адал еңбек. «Еңбек бәрін жеңбек» деген халық мақалымен арнаудың мазмұны үндес десе де болады. Қолы бос, кәсібі жоқ, серілік қуып кеткен жастарға тоқтау сала отырып, сол замандағы ұлттық табыстың көзі болып табылатын мал шаруашылығын мадақтай келіп, осы бағытта жұмыс жасаудың жөн екендігін айтады.

*Жігіттер, шаруа қылып мал таппайсың,
Сөзіңе қарап тұрсам бәрің байсың.
Еңбекте он екіде бір нұсқа жоқ,
Шоқпардай үкі тағып бұлғақтайсың [3; 26].*

Негізінде, мал шаруашылығын дәріптеу халық ақындарының шығармашылығында кездесіп отырады. Құлыншақ Кемелұлының «Енесі жүдеп, нашарлап, ертелеп туса төл ғаріп» деп басталатын термесі осының айғағы. Қазақ халқының негізгі кәсібі малмен тікелей байланыста болғандықтан, өнер адамдарының аталмаш шаруашылықты жырлауы табиғи жайт. Оның түпқазығы да фольклорда жатыр. Төрт түлік малға байланысты шығарылған «Зеңгі баба», «Ойсыл қара», «Шопан ата», «Шекшек ата» тәрізді және тағы басқа туындылар осыған дәлел. Олай болса, бұл да дәстүрлі сабақтастықтың бір ұшы болып табылады. «Замандасқа» деген арнауында біз жоғарыда айтып кеткен жақсы мен жаман категориясы, яғни, жақсы дос пен жаман достың ара айырмашылығы ашылады. Ақын «Мәми биге» деген арнауында дәулетті байлардың да қайырымды, қайырымсыз түрлерінің болатындығын айта келіп, биді солардың соңғысына жатқызып, өткір сынға алады.

*Мәми-ау, мақтамаймын қорламасам,
Тыиы пайда көргем жоқ сорламасам.
Өлеңмен тұқиянды қазар едім,
Түбінде сүйегім деп ойламасам [3; 35].*

Айтуына қарағанда ақын Мәми бимен аталас туыс. Сол ағайындылығын құрмет тұтқандықтан, қатты айтпай отырмын деп ашық айтады. Болмаса өткір тілімен асты-үстің қақтағысы келіп-ақ тұр. Десе де өз ойынан хабар беріп, кәдімгідей сес көрсетіп қояды. Ақынның өзге арнауларында да ол қылықты, жағымсыз іс-әрекеттерді, жаман қылықтарды сынау, әжуалау ерекше орын алған. Арнау өлеңдер негізінен халық ақындарына тән болғанымен, оның ұшқындары фольклорда өз колданысын тапқан. Яғни өлеңнің бұл түрінің де түп негізі ауыз әдебиеті мұраларында жатыр десек, қателеспейміз. Мәселен, баршаға белгілі, тұрмыс-салт жырларына қатысты «Жар-жарды» алып көрелік:

*Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар!
Әкем-ай, деп жылама байғұс қыздар, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар!*

немесе

*Шешем-ай, деп жылама байғұс қыздар, жар-жар!
Шешең үшін қайың атаң ондай болар, жар-жар!*

Ел аузында да, жинақтарда да, зерттеулерде де «Жар-жар» деп аталғанымен, мәтінің мазмұнына үнілер болсақ, ұзатылып бара жатқан қызға айтылған арнау. Енді, «Айт келіндер!» алып қаралық:

*Тәңертеңнен тұрып ап,
Құрт ұрлама, келіншек!
Өзің жатып, байыңа
Тұр-тұрлама, келіншек!*

Мұның да ішкі мазмұнына назар аударар болсақ, жаңа түскен келінге айтылған арнау екендігін көреміз. Мәтінің қай жерінен алып үзінді келтірсек те арнаудың иісі аңқып тұр. Тек қана бұл салада емес, ауыз әдебиетінің өзге салаларынан да арнаудың үлгілерін аңғаруға болады. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы Қарлығаштың сөзіне құлақ түрейік:

*Сайға біткен қоқтымын,
Бөрік үстінде шоқтымын.
Көкежан қайтып келгенше,
Ел-жұртын есен көргенше,
Айтып кеткен құдайға
Қоңыр шұнақ тоқтыңмын [8; 59].*

немесе «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның мына айтқан сөзіне назар салайық:

*Ақжүністей жолдасым,
Қыз да болсаң мұңдасым.
Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелде ару сен едің [8; 366].*

Фольклорлық мұралардан алынған осы үзінділердің мазмұндық сипаты арнаумен үйлесіп жатса да, оларды жеке алып, арнау жанрына жатқызуға болмайды, өйткені бұл үзінділер арнаудың бар талаптарына жауап бере бермейді. Дегенмен, халық ақындары шығармашылығының бір тобын құрайтын арнаулардың алғашқы бастау алатын үлгілері фольклордың көне жанрларында жатыр десек, артық айтқандық болмас. Осындай дәстүрге ұласқан сабақтастықтың көрінісі ел ақыны Төлебай мұраларында да бар екендігін аңғардық.

Төлебай фольклордың шағын жанрларын дамытуға шама-шарқынша өз үлесін қосқан ақын. Сөзіміздің дәлелі ретінде өнерпаздың «Аққожаның өліміне» деген жоқтау өлеңін келтіруге болады. Жоқтау — ауыз әдебиетінде қазаға байланысты қайтыс болған адамға арналған туынды. Ғалым Е.Ысмайлов: «Қазақтың жоқтау жырларының көбінде өлген адамның басынан кешкен оқиғалар жырланып кетеді» [5; 46], — деп жазады. Расында, жоқтаудың мазмұны қайтқан адамның тіршілігіндегі жасаған жақсы істерін дәріптеу арқылы, үлгілі адамның келбетін танытуға негізделген. Төлебайдың туындысында осы дәстүр өзінің сабақтастығын көрсете келіп, соңы сағынышқа, кимастыққа ұласады.

*Сен өлмедің, мен өлдім,
Сенен қалып не көрдім.
Кеше жүрген ақ төрем,
Мені тастап жөнелдің [3; 29].*

Сөйтіп, Аққожаның тіршілігінде аяулы да қалаулы болғандығын айта келіп, ажалға қарсы тұрар күш жоқ екендігін мойындайды, Алланың ісі деп түйіндейді.

*Кеше жүрген ақ төрем,
Ұқсайды менің түсіме.
Құдай басқа салған соң
Көнбедік пе ісіне [3; 30].*

Тағдырдың жазуына мойын сұну, немесе шарасыздық, ауыз әдебиетіндегі жоқтау өлеңдеріде жиі ұшырасады. «Орақ-Мамай» жырындағы Мамай қайтыс болғанда шығарылған жоқтауда да осы жайт көрініс береді:

*Сары ала туды құлаттың,
Ел-жұртыңды жылаттың.
Құдай салды, мен көндім,
Бұл сапарды ұнаттың.*

Мұндай сипатты көптеген жоқтаулардан байқауға болады. Ол жаратушыға деген сенім мен мойынсұнушылықтан туған болса керек.

Сонымен, халық ақындары мұрасындағы мазмұн мен формадағы сабақтастық мәселесіне қатысты мынадай жайттерді айтуға болады:

- халық ақындары шығармаларының мазмұндық сипаты көпшілігінде фольклордағы қалыптасқан дәстүрге сәйкес;
- формадағы үндестікті жеті-сегіз буынды жыр жолдары мен он бір буынды қара өлең туындыларын да анық аңғарамыз;
- ұйқас мәселесінде ауыз әдебиетіндегі орныққан дәстүрді берік ұстанған.

Ақынның ақындық қабілетін танытатын — поэзия. Түйіндей келгенде айтарымыз, халықтық поэзияның дамуын айрықша үлес қосқан халық ақындары, сөз құдіретін, оның ішінде поэзияның сиқырлы әлеміне бойлап бар болмыс-бітімімен түсіне білген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Санат, 2002. — 149 б.
- 2 Қалиасқарұлы Қ. Халық ақындары. — Өлгий, 1972. — 137-б.
- 3 Замана жыршылары: Халық ақындары. — Өлгий, 1989. — 321 б.

- 4 Бес ғасыр жырлайды. — Көп томдық. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1984. — 248 б.
- 5 *Исмаилов Е.* Ақындар. — Алматы: ҚМКӘБ, 1956. — 76-б.
- 6 *Радлов В.* Алтын сандық. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 94 б.
- 7 Ел аузынан: Шешендік сөздер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 263-б.
- 8 Қазақ эпосы. — Алматы: ҚМКӘБ, 1953. — 628 б.

К.А.Толеубаева, Н.М.Абдуова

Взаимосвязи формы и содержания в произведениях казахских народных поэтов

Художественное произведение — это целостность, своеобразный мир, в котором сплетены и взаимосвязаны между собой все требования к художественному творчеству. В данной статье рассматривается вопрос о взаимосвязи формы и содержания в произведениях казахских народных поэтов в зарубежных странах. В результате исследования определено место данных художественных произведений в казахской литературе в целом. Вместе с тем вопросы содержания и формы произведений казахских народных акынов рассмотрены авторами с точки зрения современных особенностей.

A work of art is an integrity, a peculiar world in which all claims to artistic creativity are intertwined and interrelated. This article explores the relationship of form and content in works of Kazakh folk poets in foreign countries. The study defined the place of these works of art in Kazakh literature in general. At the same time the questions of form and meaning of works of Kazakh akyns are analyzed from the point of modern features.

ӘОЖ 82

С.Ысқақұлы

Іле педагогикалық институты, ҚХР

Шылбының шығармашылық шырайы

Мақала авторы ақын Шылбы Көмекұлының қаламгерлік шеберлігі мен ұлт әдебиетіндегі орнын анықтау мақсатында оның ғұмырнамасына тоқталды, өлеңдерінің жанрлық сипаты мен құрылысын талдады. Қытайдағы қазақ поэзиясында өзіндік орны бар озық ойлы ақын поэзиясының ерекшелігін автор нақты мысалдар негізінде әдеби-теориялық талдаулар арқылы дәлелдеді. Ақын жырларындағы сыншыл реализмнің белгілеріне тоқтала келе, замана шындығын жырлаудағы өзіндік сипаттарын айқындап берген.

Кілтті сөздер: Қытайдағы қазақ әдебиеті, ағартушылық идея, халықтың санасы, оқу-ағарту, поэзиялық шығармалар, мәдениет төңкерісі, мерзімді басылымдар, отты жырлар, әлеуметтік кекесін, ащы шындық, афористік сарын.

Қытайдағы қазақ әдебиетінде ағартушылық идеяны өзінше дамытқан, халықтың санасын оятуға белсенді де өшпес үлес қосқан өз дәуірінің озық ойлы, өрелі ақындарының бірі — Шылбы Көмекұлы 1860 жылы қазіргі Шыңжаң Бұратала облысының Қосемшек деген жерінде туған. 1936 жылы Іле аймағы Күнест ауданында дүниеден өткен. Әкесі Көмек шала сауатты болғанымен, ауыл-аймаққа инабатты, көзі ашық, сөзі өтімді адам болған. Нағашы атасы Жансейіт өз кезінде Семей қаласынан төрт жыл оқып келген оқымысты, мәдениет пен оқуға жаны құмар кісі екен. Зиялы әкенің баулуында Шылбының шешесі Дина мағлұматты, өнегелі болып өскен. Бала тәрбиесіне құнтты, көзқарақты ана Шылбыны өзі алғаш хат танытып, сауатын ашады. Шылбы жеті жастан он жасқа дейін ауыл медресесінде оқыған соң, нағашы атасы Жансейіт өз ауылында ашқан мектебінде төрт жыл оқытады. Сөйтіп, ауылда жеті жылдай оқыған Шылбы біршама жақсы діни және пәни білім алады.

«Шылбы өзінің тума зеректігі, еңбекқорлығының арқасында, есейе келе басқалардан теміршілік, зергерлік өнерді де тез үйреніп алады. Сонымен ол сол кездегі Іле аймағының саяси орталығы болған Күре қалашығынан дүкен ашып, ұсталық және зергерлік кәсібімен шұғылданады. Дарынды жас